



БАСЫЛЫМ МАЗМҰНЫ №5

- КРО KAZENERGY-ДЕ ҚОНАҚ ЕТТИ: КОНСОРЦИУМ МАМАНДАРЫ АСА АЛЫП КЕН ОРНЫНДАҒЫ ЖҰМЫС ЕРЕКШЕЛІГІ, КҮНДЕЛІКТІ ЖҰМЫСЫ МЕН КӨП ҰЛТТЫ ҰЖЫМНЫҢ ДЕМАЛЫСЫ ТУРАЛЫ СӨЗ ЕТТИ
- KAZENERGY ҚАУЫМДАСТЫҒЫ МЕН ТМККҚ-НЫҢ ӨНДІРУШІ САЛАЛАРДЫҢ АЙҚЫНДЫЛЫҒЫ БАСТАМАСЫН (ӨСАБ) ІСКЕ АСЫРУ ЖӨНІНДЕГІ ОТЫРЫСЫ
- 23-24 МАМЫРДА «АТЫРАУ ГЕО – 2019» V ХАЛЫҚАРАЛЫҚ ҒЫЛЫМИ ГЕОЛОГИЯЛЫҚ КОНФЕРЕНЦИЯСЫ ӨТТИ
- 2020-2022 ЖЫЛДАРҒА АРНАЛҒАН ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫНЫҢ МҰНАЙ -ГАЗ, МҰНАЙ ӨңДЕУ ЖӘНЕ МҰНАЙ-ХИМИЯ САЛАЛАРЫНДАҒЫ САЛАЛЫҚ КЕЛІСІМДІ ӘЗІРЛЕУ ЖӨНІНДЕГІ ЖҰМЫС ТОБЫНЫҢ ОТЫРЫСЫ
- «KAZENERGY» ҚАУЫМДАСТЫҒЫ 2017 ЖЫЛҒЫ 4 ҚАҢТАРДАҒЫ № 18-02/01 МҰНАЙ ТАСЫМАЛДАУДЫ ЖӘНЕ СУ ЖІБЕРУДІ ЖҮЗЕГЕ АСЫРАТЫН ҰЙЫМДАР БАСШЫЛАРЫ, МАМАНДАРЫ МЕН ҚЫЗМЕТШІЛЕРІ САНЫНЫҢ ТИПТІК НОРМАТИВТЕРІН, СОНДАЙ-АҚ МҰНАЙ ТАСЫМАЛДАУДЫ ЖӘНЕ СУ ЖІБЕРУДІ ЖҮЗЕГЕ АСЫРАТЫН ҰЙЫМДАРЫНЫҢ ӨНЕРКӘСІПТІК-ӨНДІРІСТІК ПЕРСОНАЛЫ САНЫНЫҢ ТИПТІК НОРМАТИВТЕРІНІҢ ҚОЛДАНЫЛУ МЕРЗІМІН ҰЗАРТТЫ
- «ЭКСОНМОБИЛ КАЗАХСТАН ИНК.» ЖАҢА БАСҚАРУШЫ ДИРЕКТОРМЕН ТАНЫСТЫРДЫ

КРО KAZENERGY-ДЕ ҚОНАҚ ЕТТІ: КОНСОРЦИУМ МАМАНДАРЫ АСА АЛЫП КЕН ОРНЫНДАҒЫ ЖҰМЫС ЕРЕКШЕЛІГІ, КҮНДЕЛІКТІ ЖҰМЫСЫ МЕН КӨП ҰЛТТЫ ҰЖЫМНЫҢ ДЕМАЛЫСЫ ТУРАЛЫ СӨЗ ЕТТІ



2019 жылғы 21 мамырда Қауымдастық алаңында «Қарашығанақ Петролиум Операйтинг Б.В.» компаниясының өкілдерімен танысу рәсімі өтті. Қарашығанақ кен орны атынан келген әріптестер кездесу қатысушыларына өндірістік, әлеуметтік, экологиялық және экономикалық мәселелерді қоса отырып, консорциум қызметінің негізгі бағыттары туралы айтты.

Толығырақ:   



KAZENERGY ҚАУЫМДАСТЫҒЫ МЕН ТМКҚ-НЫҢ ӨНДІРУШІ САЛАЛАРДЫҢ АЙҚЫНДЫЛЫҒЫ БАСТАМАСЫН (ӨСАБ) ІСКЕ АСЫРУ ЖӨНІНДЕГІ ОТЫРЫСЫ

22 мамырда KAZENERGY алаңында ӨСАБ Халықаралық хатшылығының басшысы Марк Робинсонның қатысуымен KAZENERGY қауымдастығына мүше компаниялар мен Тау-кен өндірушілері және тау-кен металлургиялық кәсіпорындар қауымдастығының (ӨСАБ) өндіруші салалардың айқындылығы бастамасын іске асыру мәселелері бойынша бірлескен отырысы өтті.

Толығырақ:   



Қауымдастықтың барлық өзекті жаңалықтары сайтта kazenergy.com

23-24 МАМЫРДА «АТЫРАУ ГЕО – 2019» V ХАЛЫҚАРАЛЫҚ ҒЫЛЫМИ ГЕОЛОГИЯЛЫҚ КОНФЕРЕНЦИЯСЫ ӨТТІ



Қазақстан Республикасы Энергетика министрлігінің, «КазЭнерджи» қауымдастығының және Атырау облысы әкімдігінің қолдауымен Қазақстан Мұнайшы-Геологтарының қоғамы Атырау қаласында «Қазақстанда тереңде орналаспаған мұнай-газ кен орындарын игеру және ашу перспективалары» тақырыбындағы конференцияны өткізді.

Бұл Қазақстанның геологтары мен геофизиктары үшін маңызды іс-шара Қазақстан мұнайын өндірудің 120-жылдығына және Қазақстан Мұнайшы-Геологтарының қоғамының 10 жылдығына арналған, оның жұмысына 200-ден астам делегат - Қазақстаннан, Ресейден, Франциядан, Әзербайжаннан, АҚШ пен Қытайдан келген жетекші мамандар мен ғалым-



дар, министрліктердің, ғылыми институттар мен университеттердің, мұнай компанияларының басшылары, студенттер, сондай-ақ БАҚ өкілдері қатысты. Конференцияны Қазақстан Мұнай-Геологтарының қоғамының президенті Балтабек Қуандықов ашты. Атырау облысы әкімінің орынбасары Айбек Крамбаев, «Теңізшевройл» ЖШС бас директорының орынбасары Мұрат Мұқашев құттықтау сөзімен сөз сөйледі. Конференция пленарлық және секциялық отырыстар

форматында өткізілді. Бірінші пленарлық отырыс «Қазақстанда тереңде орналаспаған мұнай-газ кен орындарын игеру және ашу перспективалары» тақырыбына арналды.

Сонымен қатар конференцияның алғашқы күнінде «Қазақстанның аз зерттелген өңірлерінде жаңа кен орындарды ашу мүмкіндіктері» тақырыбында дөңгелек үстел өткізілді, мұнда «Қазақстанда және шетелде көмірсутектер мен қатты пайдалы қазбаларды іздеу кезінде субатомдық технологияларды қолдану нәтижелері туралы», «Солтүстік Каспийдің кейбір облыстарында палеозой мен мезозой шөгінділерінің перспективаларындағы жаңартылған көзқарас», «ҚР



аз зерттелген бассейндерінің шөгінді тыстары құрылысының ерекшеліктері және олардың перспективалары», «Ле шөкпе бассейнінің перспективалылығы. Оңтүстік Қазақстан үшін екінші тынысы» атты қызықты баяндамалар оқылды.

Жалпы, конференция баяндамалары өзекті болып табылады және мұнайгаздылық перспективаларын болжау бөлігінде ғылыми зерттеулер көзқарасынан қызығушылық туғызады және еліміздің ресурстық базасын толтыруға септігін тигізеді. Бұған қоса, секцияның ғылыми баяндамалары жартысының авторлары жас геологтар болып табылады, бұл жас геологтар ұрпағы жетіліп келетінін көрсетеді және бұл бізді қуантады.

Конференция жоғары кәсіптік және ғылыми деңгейде өткізілді. Қазақстан Мұнайшы-Геологтары қоғамының Ұйымдастырушылық комитеті «АтырауГео-2019» конференциясының қорытындысы бойынша еңбек жинағын шығаруды жоспарлауда.

Қауымдастықтың барлық өзекті жаңалықтары сайтта kazenergy.com



2020-2022 ЖЫЛДАРҒА АРНАЛҒАН ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫНЫҢ МҰНАЙ-ГАЗ, МҰНАЙ ӨҢДЕУ ЖӘНЕ МҰНАЙ-ХИМИЯ САЛАЛАРЫНДАҒЫ САЛАЛЫҚ КЕЛІСІМДІ ӘЗІРЛЕУ ЖӨНІНДЕГІ ЖҰМЫС ТОБЫНЫҢ ОТЫРЫСЫ



2019 жылғы 23 мамырда «KAZENERGY» қауымдастығында 2020-2022 жылдарға арналған Қазақстан Республикасының Мұнай-газ, мұнай өңдеу және мұнай-химия салаларындағы салалық келісімді әзірлеу жөніндегі жұмыс тобының кезекті отырысы өтті.

Жұмыс мүшелерінің мүшелері 2020-2022 жылдарға арналған Қазақстан Республикасының Мұнай-газ, мұнай өңдеу және мұнай-химия салаларындағы салалық келісім жобасына келіп түсетін ұсыныстарды талқылады.

Толығырақ:



«KAZENERGY» ҚАУЫМДАСТЫҒЫ 2017 ЖЫЛҒЫ 4 ҚАҢТАРДАҒЫ № 18-02/01 МҰНАЙ ТАСЫМАЛДАУДЫ ЖӘНЕ СУ ЖІБЕРУДІ ЖҮЗЕГЕ АСЫРАТЫН ҰЙЫМДАР БАСШЫЛАРЫ, МАМАНДАРЫ МЕН ҚЫЗМЕТШІЛЕРІ САНЫНЫҢ ТИПТІК НОРМАТИВТЕРІН, СОНДАЙ-АҚ МҰНАЙ ТАСЫМАЛДАУДЫ ЖӘНЕ СУ ЖІБЕРУДІ ЖҮЗЕГЕ АСЫРАТЫН ҰЙЫМДАРЫНЫҢ ӨНЕРКӘСІПТІК-ӨНДІРІСТІК ПЕРСОНАЛЫ САНЫНЫҢ ТИПТІК НОРМАТИВТЕРІНІҢ ҚОЛДАНЫЛУ МЕРЗІМІН ҰЗАРТТЫ

2019 жылғы ақпан айынан бастап «KazEnergy» ЗТБ Бас директорының 2017 жылғы 4 қаңтардағы № 18-02/01 бұйрығымен бекітілген «KAZENERGY» қауымдастығы жаңа «Мұнай тасымалдауды және су жіберуді жүзеге асыратын ұйымдар басшылары, мамандары мен қызметшілері санының типтік нормативтері» (бұдан әрі – БМҚ типтік нормативтері) қарау және бекіту және Мұнай тасымалдауды және су жіберуді жүзеге асыратын ұйымдарының өнеркәсіптік-өндірістік персонал санының типтік нормативтерінің (бұдан әрі – ӨӨП типтік нормативтері) қолданылу мерзімін ұзарту бойынша жұмыс жүргізді. Персонал санының нормативтері қажетті нормативтік санын, қызметтің белгілі бір саласында жұмыс жасайтын жұмыскерлердің уақыт нормаларын айқындау үшін арналған.

«KAZENERGY» қауымдастығының қағидаларына сәйкес БМҚ типтік нормативтері ҚР Еңбек және халықты әлеуметтік қорғау министрлігімен, ҚР Энергетика министрлігімен, «Қазақстан-Қытай Құбыржолы» ЖШС-мен, «МұнайТас» Солтүстік-Батыс құбыржолы

компаниясы» ЖШС-мен, «Магистральды су таратқыш» ЖШС-мен келісілді.

БМҚ типтік нормативтерін әзірлеу және бекіту бойынша жұмыс Қазақстан Республикасы Денсаулық сақтау және әлеуметтік даму министрінің 2015 жылғы 28 желтоқсандағы № 1036 бұйрығымен бекітілген Жұмыс берушінің еңбек нормаларын, еңбек жөніндегі үлгілік нормалар мен нормативтерді, қызметтің барлық салалары үшін еңбек жөніндегі бірыңғай және (немесе) салааралық үлгілік нормалар мен нормативтерді әзірлеу, бекіту, ауыстыру және қайта қарау қағидаларына сәйкес жүргізілді.

Бүгінгі күні БМҚ типтік нормативтері «KAZENERGY» қауымдастығы бас директорының 2019 жылғы 5 маусымдағы №18-02/9 бұйрығымен бекітілді.

Қауымдастықтың барлық өзекті жаңалықтары сайтта kazenergy.com



«ЭКСОНМОБИЛ КАЗАХСТАН ИНК.» ЖАҢА БАСҚАРУШЫ ДИРЕКТОРМЕН ТАНЫСТЫРДЫ



Жетекші ірі халықаралық мұнай-газ компаниясы 2019 жылғы 1 сәуірден бастап «ЭксонМобил Казахстан Инк.» корпорациясының қазақстандық филиалының басқарушы директоры лауазымына Динеш Сивасамбуды тағайындау туралы хабарлады, ол бұл лауазымында Шерил Гомез-Смитті алмастырды. Бұл тағайындауға дейін Динеш «ЭксонМобил ПНГ Лимитед» Папуа-Жаңа Гвинеяда филиалының атқарушы директоры болды.

Динеш Сивасамбу өз кәсіби жолын «ЭксонМобилде» 1992 жылдан бері бастады және сол уақыттан бастап ол жобалау, өндіріс, жобаларды іске асыру және жоспарлау сияқты салаларда еңбек етті. Сонымен қатар ол «ЭксонМобил» корпорациясында барлау және өндіру мәселелері жөніндегі аға кеңесші болды. На протяжении своего карьерного пути Динеш Сивасамбу өзінің еңбек жолында Малайзия, АҚШ, Катар және Папуа-Жаңа Гвинеяда «ЭксонМобил» филиалдарында бірқатар техникалық және басқарушы лауазымдарды атқарды.

Динеш Мельбурн корольдік технологиялық университетін (Мельбурн, Аустралия) машина жасау дәрежесімен аяқтады.

«ЭксонМобил» Қазақстанда ширек ғасырдан астам жұмыс істеп келеді.

Компания «Теңізшевройл» (ТШО) ЖШС-да 25% қатысу үлесі бар; Қашаған кен орны кіретін Солтүстік Каспий бойынша Өнімді бөлу туралы ке-

лісім (СКӨБК) шеңберінде 16,81% және Каспий құбыржолы консорциумында (КҚК) 7,5% қатысу үлесі бар. Бүгінгі күні 22 миллиард АҚШ долларынан асатын инвестициялар көлемімен «ЭксонМобил» Қазақстан Республикасы ең ірі инвесторларының бірі ретінде өз ұстанымын сақтап қалуға ниет етеді.

Қауымдастықтың барлық өзекті жаңалықтары сайтта kazenergy.com



KEW

2 0 1 9

**KAZAKHSTAN
ENERGY
WEEK**

XII

**KAZENERGY
EURASIAN
FORUM
NUR-SULTAN**

**KAZAKHSTAN
ENERGY WEEK**

**XII ЕВРАЗИЙСКИЙ
ФОРУМ KAZENERGY**

 [KAZENERGYFORUM.COM](https://kazenergyforum.com)

 23-29 **Сентября** 2019

Нур-Султан, Казахстан